

"CAML Exploration Limited" жеке компаниясына Баянауыл ауданы Торайғыр және Бірлік ауылдық округтері аумағынан жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 244/12 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69, 71-1 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасы, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 3612-ЕЛ қатты пайдалықазбаларды барлауға арналған лицензиясы негізінде, Баянауыл ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан Баянауыл ауданы Торайғыр және Бірлік ауылдық округтері аумағынан қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "CAML Exploration Limited" ЖК:

1) жер учаскілерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеу, шығындардың мөлшері және оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен анықтау келісімі бойынша жүргізілсін;

2) қатты пайдалы қазбаларды барлау мақсатында жер учаскелерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтасын;

3) жұмыстар аяқталғаннан кейін бүлінген жер учаскелерін одан әрі тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтірсін.

3. Осы қаулының орындалуынбақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Арыстанбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Ксентаев

Баянауыл ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "18" желтоқсандағы
№ 244/12 қаулысына
қосымша

Р/с №	Меншік иесі, ж е р пайдаланушы	Ауданы, гектар	Нысаналы мақсаты	Сервитут мерзімі	Кадастрлық № 14-205	Ж е р учаскесінің орналасқан жері
1	"Жаңа өріс" ЖШС	838,08			038-005	

2	Баймухаметов Ж.С.	97,2	Қатты пайдалы қазбаларды барлау	2031 жылғы 26 тамызға дейін	038-031	Баянауыл ауданы, Торайғыр ауылдық округі
3	Карекін Г.К	144,6			022-087	
4	Мухатаева М.Б.	100,5			045-011	
5	Ауданның босалқы жер қоры	18,9			-	
6	Жортуылова К.М.	101,5			022-022	Баянауыл ауданы, Бірлік ауылдық округі
	Жалпы көлемі	1300,78				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК